



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Бадамша ауылы № 135

Бадамша ауылы

село Бадамша

**Қарғалы ауданы бойынша сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін
ұсынылған жер учаскелерінің тізбесін анықтау туралы**

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 48 бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 297 бұйрығына сәйкес, Қарғалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскесінің көлемі 5,1000 га тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін жер учаскелері ұсынылған және осы қаулыдан туындайтын басқа да, шараларды орындау Қарғалы аудандық жер қатынастары бөліміне тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарғалы ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Қарғалы ауданының әкімі



Н.Унербаев

Саудада (аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің
тізімін бекіту туралы

р/с	Сауданы өткізу тәсілі мен әдісі	Құқықтан айыру түрі	Жер учаскесінің алаңы (га)	Нысаналы Мақсаты	Жер учаскесінің орналасқан жері
1	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,1000	Үй жайлар (құрылыстар мен ғимараттар) орналастыру және қызмет көрсету	Қос-Естек ауылдық округі
2	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	2,0000	Мал шаруашылығы базасын орналастыру және қызмет көрсету	Желтау ауылдық округі, Петропавл ауылы
3	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	3,0000	Үй жайлар (құрылыстар мен ғимараттар) орналастыру және қызмет көрсету	Қос-Естек ауылдық округі, Қос-Естек ауылы
Жиынтығы, га			5,1000		